



27 желтоқсан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

БАЛА ҚУАНСА, ӘЛЕМ НҰРЛАНАДЫ



Жылдағы дәстүр бойынша Жаңа жыл қарсаңында Президент шыршасы ұйымдастырылып, оқушылар қуанышқа кенелді.

«Жаңа Қазақстан – бақытты балалық шақ мекені» атты Президент шыршасына бүкіл облыстан оқу озаттары, 80-ге жуық аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен «Атамекен» балалар ауылынан 7 тәрбиеленуші қатысты. Шыршаға барлығы 200 бала шақырылған.

Салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының бүлдіршіндерге арналған жаңажылдық құттықтауын жеткізді.

– Ұлағатты ұрпағымыздың

лайықты өмір сүруіне, өсіп-өнуіне ықпал ету, жақсы білім алуына жағдай жасау – біздің басты мақсатымыз.

Бүгінгі күні облыстағы 677 балабақшада 60 мыңға жуық бала тәрбиеленуде. Биыл 19 балабақша, 6 мектеп, ал Жалағаш ауданында 250 орындық «Оқушылар үйі» пайдалануға берілді.

Дарынды балаларды қолдау мақсатында Қызылорда қаласы

2-бет

ӨРКЕН

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА ЖАҢА БАСПАНА



Облыс орталығының сол жағалау аймағынан 60 пәтерлі жаңа арендалық көпқабатты тұрғын үй кілттері табыс етілді. Жаңа жыл қарсаңында жалғыз үйі апатты жағдайда болуына байланысты кезекте тұрған тұрғындарға баспана берілді. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, ел ағаларымен бірге жаңа үйлердің кілтін салтанатты түрде табыс етті.

Сондай-ақ, аймақ басшысы көпшілік қауымға Сыр елінде іске асырылып жатқан игі шаралар жөнінде айтып, қоныс тойымен құттықтады.

– Өздеріңізге белгілі, кейінгі жылдары Сыр өңірінде тұрғын үй құрылысы қарқын алып, қала аумағы әлдеқайда кеңейді. Күні кеше ғана Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайылов Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің даму бағытына оң бағасын берді. Бұған дейін де мемлекеттік бағдарламалар аясында тапсырылатын үйлермен қатар, жыл сайын апатты жағдайдағы үйлер тұрғындарына арналған баспаналардың құрылысы қатар жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда өңірімізде 40 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде жалғыз баспанасы апатты жағдайда болуына байланысты кезекте тұрған 500-ге тарта отбасына арналған үй де салынуда. Бүгін міне, игі бастаманың жалғасы ретінде тағы да 60 отбасына пәтер кілтін салтанатты түрде табыстағалы тұрмыз. Шаңырақтарыңызға шаттық орнап, әр жанұяға жақсылық, ынтымақ пен бірлік, амандық тілеймін, – деді Н.Нәлібаев.

Қоныс той иелерін мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Бакберген Досманбетов құттықтады. Шарада қоғам қайраткері, Қармақшы және Жалағаш аудандарының құрметті азаматы Шәкізат Төребаев тұрғындарды қуанышымен құттықтап, жиылған қауымға ақ батасын берді.

Сондай-ақ, жаңа баспана иелерінің атынан Нұрлан Сатаев өңір басшылығы мен мердігер мекемелерге алғыс білдірді.

– Бүгінгі қуанышымда шек жоқ. Баспаналы болып отырмыз. Қол ұшын созып, көмек көрсеткен облыс басшылығына, ел ағаларына үлкен рахмет! Осындай бақыт әр адамның басына қонып, көңіл өсіретін сәттер көбейе берсін, – деді ол.

Аймақ кетейік, аймақта жыл басынан бері 604 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінде, бюджет қаржысы есебінен Қызылорда қаласында СПМК-70 тұрғын ауданында екі 40 пәтерлі және бір 50 пәтерлі кредиттік тұрғын үй бар.

Сонымен қатар, жыл соңына қарай сол жағалауда тағы 50 пәтерлік арендалық тұрғын үйден халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 35 пәтер, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 15 пәтер беріледі. Ал, алдағы үш жылда 2 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілімек.

«СБ» ақпарат



2-бет

САПАР

ЖЫЛ АЛМАСАР ШАҚТАҒЫ ЖЫЛУЛЫҚ ҚАЗАЛЫДА 3 АУЫЛҒА ГАЗ БАРДЫ, ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ



Жаңа жыл қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапарымен барып, жаңа нысандардың ашылу рәсіміне қатысты. Қазалы ауданының Басықара, Қ.Пірімов, Жалаңтөс батыр ауылдарына «көгілдір отын» жүргізілді. Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын құттықтап, қазіргі таңда облыс халқының бірінші кезекте шешуді қажет ететін мәселелерге, соның ішінде, инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға негізгі басымдық берілетінін атап өтті.

«Бүгін Қазалы ауданындағы Басықара, Қ.Пірімов және Жалаңтөс батыр ауылының тұрғындары үшін өте қуанышты күн: сәуір айында басталған газдандыру жұмыстары бүгінгі күні толық аяқталды. Енді 5 мыңнан астам тұрғын үй мен 23 мекеме-кәсіпорын «көгілдір отынға» қосылады. Тағы да көптеген кәсіпкерлік нысан табиғи газбен қамтамасыз етіледі. Біз мүмкіндігінше барлық ауылды газбен қамтуға жұмыс жасаудамыз. 2025 жылға дейін «көгілдір отынмен» қамтылған ауылдар санын 70-ке дейін жеткізу жоспарымызда бар. Келесі жылы Қазалы ауданындағы Абай ауылын да газдандыру жоспарлануда. Ауылдарға жеткен «көгілдір отын» отбасының жылуын, отанымыздың қуатын арттыра түссін!», – деді облыс әкімі.



Қоғам қайраткері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы Айтбай Көшербайұлы аудан тұрғындарын көптен бері күткен қуанышты жаңалықтарымен құттықтап, аймақ басшысына алғыс білдірді. Сондай-ақ, еңбек ардагері, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов жиналған қауымға бата берді.

Облыс әкімі Қ.Пірімов ауылының тұрғыны Құралай Серікбайдың үйіне барып, «көгілдір отынның» берілу сәтіне куә болды.

– Сіздерге көп рахмет. Осы уақытқа дейін жыл сайын тонналап көмір сатып алатынбыз, от жағып, күл шығарумен болдық. Енді, міне, бұл бейнеттен құтылық, үйіміз де жылыды. Қуанышымызда шек жоқ, – деді отанасы.

2-бет

Сенбі күні орталық алаңда 25 метрлік шырша шамдары салтанатты түрде жағылды. Шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен қала тұрғындары қатысты.

СБ Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

ШЫРША ШЫРАҚТАРЫ ЖАРҚЫРАДЫ

Аязды күннің ызғарына қарамастан шырша маңына жиналған қызылордалықтар мен қала қонақтары сиқырлы театрландырылған көрініске, жасыл шыршаның жарқыраған оттарына тәнті болды. Әсіресе, кішкентай айтықкерлер, «Балбала» телебайқауының жүлдегері Сырым Басқар мен Еркеназ Өмірбекова суырып-салма сөз өнерімен жиналған халықты сүйсіндіріп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік шарада аймақ басшысы тұрғындарды Жаңа жыл мейрамымен құттықтап, өңір үшін биылғы жылдың табысты болғанын айтып, әр отбасыға бақ-береке тіледі.

– Биылғы жылы барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жағымды оң динамикаға қол жеткіздік. Кейінгі бес жылда мұнай кен орындарының және уран-ның нарықтағы сұранысының азаюына байланысты өндіру көлемінің төмендеуіне қарамастан аймақ экономикасын жедел әртарапандыру мен өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында қабылданған шешімдер өзіннің жемісті нәтижесін беруде. Әсіресе, инвестиция тарту мен құры-

лыс жұмыстарының көлемі бойынша айтарлықтай өсіп қалыптасқан. Туған елге жанашыр жерлестеріміздің арқасында аймағымызда көптеген жаңа нысанның құрылысы жүргізілуде, алдағы уақытта да ауқымды жоспарларымыз бар, – деді облыс әкімі.

Жаңажылдық шыршаны жағу рәсімі өңір мақтанштары облыстық және республикалық байқаулардың жеңімпазы Бақтыгүл Шаймұрат пен грек-рим күресінен ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері Айдос Сұлтанғалиға берілді.

Мұнан соң мерекелік іс-шара көңілді концертпен жалғасты. Қаланың белгілі шығармашылық ұжымдары көпшіліктің көңілін көтерді. Жаңажылдық кештің сәні әрі басты кейіпкерлері Аяз ата мен Ақшәкер балдырғандарды ертегі әлеміне жетеледі.

Орайы келгенде айта кетейік, қаладағы кәсіпорындар мен ұйымдар, білім беру мекемелері, саябақтар, мәдениет мекемелері, сауда үйлері, ойын-сауық орталықтары мен аудандарда да мерекелік шыршалар орнатылды. Мұның барлығы тұрғындарға мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.





СЕЛЕКТОР

ЖАҢА ТӘЖІРИБЕНІ ЖАНДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Өткен сенбіде ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен селекторлық жиын өткізіліп, әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлар бағасын тұрақтандыру мәселелері қаралды. Жиынға тиісті сала басшылары мен барлық өңірдің әкімдері қатысты.

Жауапты мемлекеттік орган басшылары өңірлерде азық-түлік бағаларына талдау жасап, негізсіз баға өсіруге бағытталған жұмыстарды баяндады. Оның ішінде, арнайы өңірлік комиссиялар сауда орындарын аралап, үй маңындағы дүкендердің бағаларын тексергенін айтып, тексеру нәтижесімен тиісті әкімшілік шара қолданылатынын жеткізді.

Кенес қорытындысымен Үкімет басшысы өңір әкімдеріне өңірлік комиссиялардың жұмысын күшейтіп, негізгі азық-түлік тауарлардың бағасы бойынша апта сайын ақпарат ұсынууды тапсырды.

Жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев азық-түлік өнімдердің бағасын негізсіз қымбаттатуға қарсы іс-шара қабылдау және аймақтық әлеуметтік маңызды тауарлардың құнын қатаң қадағалау бойынша тапсырмалар берді. Тауар құнын заңсыз көтеретін делдалдарды уақытылы анықтап, жауапкершілікке тартуды міндеттеді. Сондай-ақ, аймақ басшысы был тіршілік ретінде қолға алынып, жақсы нәтиже берген көкөніс, бау-бақша өнімдерін егуге ниет білдірген отбасыларға ауылдар мен қала маңындағы аумақтардан жер телімдерін беру жұмысын жалғастыру қажеттігін атап өтті.

«Жергілікті тұрғындарды қолдап, оларға қосымша табыс табуға мүмкіндік беру мақсатында келер жылы да егіншілікпен айналысу үшін жер телімдерін беру керек. Жерді дайындап, сумен қамтамасыз ету үшін насос қондырғыларын орнату керек. Мүмкіндігі бар, адал еңбегімен отбасын асырауға ниет білдірген азаматтарымызға жағдай жасап берейік. Отбасын күнделікті тұтынатын өніммен қамтып, артығын сату арқылы қосымша табыс тапсын. Қажет болған жағдайда, оған жанар-жағармайға дейін бәрін екілеп, артығын өнімін өзіміз-ақ сатып алайық, оны сақтау үшін қосымша қоймалар да дайындалады. Қазірден бастап жұмысқа кірісуіміз керек, тұрғындарды ақпараттандырып, мұндай игі іске жұмылдыру – алдымен өз қолымызда» деді аймақ басшысы.

Жиынды қорытындылай келе, облыс әкімі «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы басшысына осы уақытқа дейін мемлекеттен жаңа өндіріс ашуға қаражат алып, жұмысы тоқтап қалған жобаларды анықтап, қаржысын бюджетке қайтаруға ықпал етуді, ал қала, аудан әкімдеріне тиісті басқармалармен бірлесіп, жаңа жобаларды ұсынуды тапсырды және оның ішінде кем дегенде 6-7 ірі индустриялық жоба болу керектігін қатаң ескертті.

«СБ» ақпарат

БАЛА ҚУАНСА, ӘЛЕМ НҰРЛАНАДЫ



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні 5 мың баланың қатысуымен өткен шарада пәндік олимпиадаларда жоғары жетістікке жеткен 10 оқушыға соңғы үлгідегі ноутбук, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан 20 балаға «Балдәурен» республикалық лагеріне жолдама, 300 мектеп оқушысына велосипед сыйға тартылды. Мұнан бөлек, Қызылорда қаласында көп-балалы 50 отбасыға пәтер кілт табысталса, аймақ басшысының тікелей тапсырмасымен Сыр өңірінде 1,6 млрд теңгеге 80-нен астам спорттық ойын алаңы салынып, балалар игілігіне пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, «ҚазГерМұнай» ұлттық компаниясы басшылығымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы басталады. Осы уақытқа дейін бірқатар нысан қызылордалықтарға тарту етілді. Жалағаш ауданында құны 431 млн теңгеге 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі пайдалануға берілді. Теңізді өлке Арал ауданында 150 млн теңгеге «Балықшылар монументі» мен аллея ашылды. Меценат қаржысы есебінен Жаңақорған ауданында құны 790 млн теңгені құрайтын

заманауи демалыс паркі қолданысқа берілді. Ал, Сырдария ауданының Н.Илиясов ауылында жергілікті демеушінің қолдауымен 350 млн теңгеге «Еңбекшілер аллеясы» бой көтерді. Қызылорда қаласындағы Автобус паркі 100 жаңа көлікпен толықты.

Келер жылдың соңына қарай Қызылорда қаласында Бейбарыс сұлтан көшесінің бойынан құны 3,7 млрд теңгеге 1000 орындық «Өнер орталығы» ел игілігіне беріледі. Мұнда мәдениет саласының симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар мен түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар да өткізіледі.

Аймақта шаңырақ көтеруге ниеттенген жастар үшін заманауи үлгідегі «Неке сарайы» да бой көтеруде. Құны 1,6 млрд теңгені құрайтын нысан бір жарым жылда пайдалануға беріледі. Сырдың сол жағалауында тағы бір әлеуметтік нысанның іргетасы қаланды. Құны 2,7 млрд теңгені құрайтын «Қан орталығы» жылына қан мен оның компоненттерін донорларға арналған 500-ден 10 мыңға дейін жеткізеді. Орталық өңір халқына сапалы қызмет көрсетіп, тұрғындардың денсаулығын арттыруға мүмкіндік бермек.

Белгілі кәсіпкер, меценат

Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құрылысы басталған құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығы шаһардың ажарын аша түседі. Өңірдің Түркістан облысымен шекараласатын тұсынан демеуші есебінен құны 200 млн теңгеге облыстың кіреберіс қақпасы бой көтеруде. Сондай-ақ, «Саутс Ойл» компаниясы «Қайсар» футбол клубының жанкүйерлері үшін үлкен жабық стадион салуға ниет білдірді.

Әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға «Евразия», «Мүз айдыны» спорт кешендеріне тегін абонемент табысталып, балаларға рухани құндылықтарды насихаттау мақсатында жыл басынан бері балалар үшін 43 тегін спектакль қойылды. 5 мыңнан астам бала музейге тегін экскурсия жасады.

Жаз мезгілінде қала сыртындағы лагерлерде 8300 оқушы демалды, ал республикадағы алдыңғы қатарлы тынығу лагерлерінде жыл көлемінде 1350 баланың демалуына жағдай жасалды.

Бүгінгі таңда 61 қосымша білім беру ұйымында 60 мыңға жуық бала түрлі шығармашылық үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысуда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БРИФИНГ

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша атқарылған жұмыстар туралы журналистерге баспасөз мәслихатын өткізді.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

ЖЕТІСТІК ЖІЛІКТІ ЖОБАЛАРДАН ЖАСАЛАДЫ



Биылғы жылдың қорытындысымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң көрсеткіштерге қол жеткізілді. Осындай орайлы істер 11 айда құрылыс, жол, энергетика, коммуналдық шаруашылық салаларында да көрініс берді.

Жалпы құрылыс саласында негізгі екі көрсеткіш белгіленген. Аталған уақытта құрылыс жұмыстарының көлемі 106,4 млрд теңгеге жетті. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 21,1 пайызға өсіп отыр. Тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші 604 мың шаршы метрді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6,4 пайызға артты. Жыл басынан бері облыста 115 нысан құрылысы жүргізілді. Оның ішінде білім саласында 12, денсаулық сақтау саласында 6 нысан бар. Ал мәдениетте 8, спортта 17 нысан елдің игілігіне айналды. Қазір тұрғын үй құрылысы бойынша 1 422 пәтерді құрайтын 32 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту бойынша 38 жоба жүзеге асырылды, – деді Мархабат Жайымбетұлы.

Аймақ басшысының қолдауымен өңірде заманауи үлгідегі жаңа әлеуметтік нысандар салу бастамасы сәтті іске асырылды. Атап айтқанда, Бейбарыс сұлтан көшесінің бойындағы «Өнер орталығы» мен «Неке сарайы» алдағы жылы ел игілігіне беріледі. Республикалық бюджеттен облыс бойынша 128 нысанның құрылысы жүргізілмек. Оның ішінде 52 нысан 2022 жылдан өтпелі болып отыр.

Аймақта демеушілер есебінен жүзеге асып жатқан жобалар бар, – деп атап өтті Мархабат Жайымбетұлы. – Биыл туған жерді түлетуге жанашыр меценаттар мен кәсіпкерлер 9 млрд теңгеден асатын жобаларға демеушілік жасап отыр. Олардың ішінде құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығы алдағы жылы мамыр айында пайдалануға беріледі. «ҚазГерМұнай» бірлескен кәсіпорны басшылығымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» бой көтермек. Алдағы жылы 7 мың адамға арналған «Қайсар» футбол командасының жаңа стадион құрылысын бастау жоспарда тұр.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, газдандыру бойынша ілгерілеу бар. Бүгінгі таңда облыс тұрғындарын табиғи газбен қамту үлесі 67 пайызға жетті. Оның ішінде Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңырдың басым бөлігі «көгілдір отынға» қосылды. Жыл басында газдандыруға республикалық бюджеттен 2,7 млрд теңге берілсе, ол жыл соңында 3 есеге өсті. Қазірге дейін 7 жоба толық аяқталса, тағы сондай жобалар алдағы жылға өтпелі болып отыр.

Өңірде әртүрлі кернеудегі 10 мың шақырымнан асатын электр желілері 2 мыңға жуық қосалқы станция бар. Негізгі электр желілері мен қосалқы станциялар өткен ғасырдың алымыншы-жетпісінші жылдарында қолданысқа берілген. Жалпы тозу деңгейі 68 пайызды шамалайды. Қазір КРЭК акционерлік қоғамы 5 қосалқы станциясын жаңғырту жобасын әзірлеуге кірісті. Облыста күрделі жөндеуді қажет ететін 566 үйі бар. Алдағы жылға 40 көпөтпелі тұрғын үйді жөндеу ойластырылуда.

Өздерінің білетіндей, түркиялық «Акса Энерджи» компаниясының инвестициясы есебінен қолданыстағы «Қызылордажылуэлектр-орталығы» кәсіпорнының аумағында жаңа ЖЭО салынады. Ал облыс бойынша 208 шақырым жылу құбырының тозуы 47 пайызды құрап отыр. Алдағы жылға 5 жобаның сараптама қорытындысы алынды. Ол тиісті министрлікке жіберілген. Қалған 9 жоба республикалық бюджетті нақтылау кезінде қаржы тартуға ұсынылады, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ, қаладағы жолаушылар тасымалын тиімді ұйымдастыру мақсатында автобус паркін жаңарту жұмыстары жүргізілді. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы үлкен сыйымдылықтағы 150 автобуска тапсырыс беріліп, бүгінде оның 100-і келіп, жолаушыларға қызмет көрсетуде. Қалғаны келесі жылдың басында келуі тиіс. Алдағы уақытта олардың қатары тағы да 150 автобуспен толықтырылмақ.

Әуе қатынастарын дамытуда жолаушылар мен жүк ағымын ұлғайту, қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін әуежайдың жаңа терминалын салу жөнінде шешім қабылданды. Терминал құрылысын қаржыландыру жеке инвестор Болат Өтеміратов қоры есебінен жүзеге асырылады. Жобаның құны – 25 млн АҚШ доллары.

Шың мәнінде, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында аталған мәселелер өте өзекті болатын. Қазір үлкен қолдау, табанды қозғау салынып, жаңа әрі өте маңызды жобалар бастау алды. Бұл алдағы жыл аяғында қыруар еңбектің атқарылатынын айғақтайды.

САПАР

ЖЫЛ АЛМАСАР ШАҚТАҒЫ ЖЫЛУЛЫҚ

ҚАЗАЛЫДА 3 АУЫЛҒА ГАЗ БАРДЫ, ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

Айта кетейік, «көгілдір отынға» қосылған 3 ауылда 4400-ге жуық адам тұрады. Жоба нәтижесінде 750-ге жуық тұрғын үй мен 26 әлеуметтік нысан газдандырылмақ.

Бүгінгі күні облыста газдандыру деңгейі 68 пайызға жетті. Келесі жылы құны 12 млрд теңгені құрайтын 15 жобаны іске асыру жоспарланған. Нәтижесімен облыс халқын газбен қамтамасыз ету үлесі 72 пайызға жеткізілмек.

Одан кейін облыс басшысы Қазалы қаласында 140 орындық «Өрімтал» балабақшасының ашылу салтанатына қатысты. Облыс әкімі қала тұрғындарын құттықтап, биыл Қызылорда облысының дамуына ауқымды инвестициялар тартылып, көптеген әлеуметтік нысандар салынғанын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен мемлекетіміздің тірегі, ұлттың болашағы – балаларымыздың өсіп, оқып, білім алуы, азамат болып, қалыптасуы үшін барлық жағдай жасалуда.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Қазалыда бал бөбектерімізге сый ретінде 140 орындық «Өрімтал» бөбекжай балабақшасын пайдалануға бермекпіз. Қазіргі таңда Қазалы ауданы бойынша 31 балабақша, 19 шағын орталық, барлығы 50 мектепке дейінгі ұйым бар. Былтыр Бекарыстан би ауылынан 100 орындық жеке балабақша ашылды. Жылдан-жылға балабақша санының көбеюі халқымыздың демографиялық өсімін артуды көрсетсе керек.

Бұл өмірде балдай тәтті бағындарымыздың жүзі жайнап, бар ықыласымен риза болғанын көруден асқан бақыт жоқ. Барлық құрметіміз де осыларға арналады», – деді аймақ басшысы.

Іс-шара барысында мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы лебізін білдіріп, жерлестерін жаңа нысанның



ашылуымен құттықтады. Ал еңбек ардагері Серік Қуанышбайұлы облыс әкіміне ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

Екі қабатты балабақша ғимаратының жалпы аумағы 3 мың шаршы метрден астам. 38 адам жұмыспен қамтылған. Білім ұясында робототехника, ән, би, қолөнер үйірмелері ашылып, іші толықтай заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Жыл көлемінде балаларға арналған нысандар легі іске қосылды. Олардың қатарында 1 326 орынға арналған 17 жекеменшік балабақша, 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» бар.

Өңірде «Балалар жылында» демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 80 спорт-ойын алаңы тарту етілді. «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында алдағы үш жылда



15 100 орынға арналған құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектептің құрылысы жүргізіледі.

Келесі жылы 19,6 млрд теңгеге 10 мектептің құрылысы басталады.

Ауданға сапарында аймақ басшысы «Қазалы-Теміржолжылы» МКК жұмысымен танысты. Кәсіпорын Әйтеке би кентіндегі 100-ге жуық мекеме мен 74 көпқабатты және 194 жеке тұрғын үйді жылумен қамтамасыз етеді. Биыл тағы 6 көпқабатты үй жылу жүйесіне қосылады. Нысан қалыпты жұмыс істеуде, мұнда 3 негізгі және 1 резервтік қазандық бар.

Облыс әкімі нысанның жұмысын көріп, аудан әкіміне жылу маусымы тиісті деңгейде өтуін және қажетті отын қорының жеткілікті мөлшерде болуын қадағалауды тапсырды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ ТАҢДАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№	Аймақ атауы	Өтетін орны	Өтетін уақыты
1	Қазалы ауданы	Аудан мәслихатының мәжіліс залы	2022 жылғы 26 желтоқсан, сағ.: 09.30
2	Арал ауданы	Аудан мәслихатының мәжіліс залы	2022 жылғы 26 желтоқсан, сағ.: 15.30
3	Қармақшы ауданы	Аудан мәслихатының мәжіліс залы	2022 жылғы 27 желтоқсан, сағ.: 09.30
4	Жалағаш ауданы	Аудан мәслихатының мәжіліс залы	2022 жылғы 27 желтоқсан, сағ.: 13.00
5	Сырдария ауданы	Аудан мәслихатының мәжіліс залы	2022 жылғы 27 желтоқсан, сағ.: 16.00
6	Қызылорда қаласы	Қала мәслихатының мәжіліс залы	2022 жылғы 28 желтоқсан, сағ.: 16.00
7	Шилі ауданы	Аудан мәслихатының мәжіліс залы	2022 жылғы 29 желтоқсан, сағ.: 10.30
8	Жаңақорған ауданы	Аудан мәслихатының мәжіліс залы	2022 жылғы 29 желтоқсан, сағ.: 12.00

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы,
Қызылорда облысының әкімі аппараты



Table with 3 columns: ID, Description, Amount. Rows include items like 'Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшердемелері субсидиялау'.

Table with 3 columns: ID, Description, Amount. Rows include items like 'Нұрсұлтан Назарбаев Қорының «ЕЛ UMIT» таланттарын анықтау және қолдау бағдарламасы іске асыру'.

Table with 3 columns: ID, Description, Amount. Rows include items like 'Жауулардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндірмей, алып қоймай заландырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жауулардың, жауулардың алынатын оңым мен шикізаттан құны иелеріне өтеу'.

Қазықорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «13» желтоқсандағы 22-сессиясының №153 шешіміне 2-қосымша

2024 жылға арналған облыстық бюджет

Detailed budget table with columns: Санаты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. Includes sub-sections like 'Кірістер', 'Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер', 'Облыс мәслихатының аппараты'.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «13» желтоқсандағы 22-сессиясының №153 шешіміне 3-қосымша

2025 жылға арналған облыстық бюджет

Detailed budget table with columns: Санаты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. Includes sub-sections like 'Кірістер', 'Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер', 'Облыс мәслихатының аппараты'.

Table with 3 columns: ID, Description of budget items, and Amount. Includes various categories like 'Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы', 'Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауға қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', etc.

Table with 3 columns: ID, Description of budget items, and Amount. Includes categories like 'Әлеуметтік саясаттың атқарушы бөлімі', 'Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытқындармен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру турінде әлеуметтік қолдау', etc.

Table with 3 columns: ID, Description of budget items, and Amount. Includes categories like 'Қаңғылас жануарларды ету және зарарсыздандыру', 'Йелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру', 'Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабықтау үшін, қызметкерлердің жеке қорғану заттарын, аспаптарын, құралдарын, техникасын, жабықтарды және инвентарды ортақтандырып сатып алу', etc.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «13» желтоқсандағы 22-сессиясының №153 шешіміне 4-қосымша

2023 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

Table with 2 columns: № and Атауы. Lists budget items such as 'Білім беру', 'Жалпы білім беру', 'Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру', etc.

Қызылорда қаласы

Облыстық және аудандық бюджеттер, облыстық маңызы бар қала бюджеті арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабының 4-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІТІ: Осы шешім облыстық және аудандық бюджеттер, облыстық маңызы бар қала бюджеті арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің 2023-2025 жылдарға үш жылдық кезеңге арналған жылдар бойынша бөлінген абсолюттік көріністегі көлемін айқайндайды.

Жалаған ауданына 4 092 029 мың теңге; Сырлария ауданына 2 036 170 мың теңге; Шнелі ауданына 4 263 341 мың теңге; Жаңақорған ауданына 4 895 900 мың теңге; Қызылорда қаласы 9 077 535 мың теңге сомасында белгіленсін. 3. Облыстық бюджеттен аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне берілетін 2025 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 44 853 845 мың теңге, оның ішінде:

1. Облыстық бюджеттен аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне берілетін 2023 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 37 686 596 мың теңге, оның ішінде: Арал ауданына 3 719 324 мың теңге; Қазалы ауданына 4 503 948 мың теңге; Қармақшы ауданына 5 576 679 мың теңге; Жалаған ауданына 3 777 192 мың теңге; Сырдария ауданына 1 613 995 мың теңге; Шнелі ауданына 3 801 715 мың теңге; Жаңақорған ауданына 4 568 272 мың теңге; Қызылорда қаласы 9 223 471 мың теңге сомасында белгіленсін. 2. Облыстық бюджеттен аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне берілетін 2024 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 40 746 570 мың теңге, оның ішінде: Арал ауданына 4 214 863 мың теңге; Қазалы ауданына 5 968 617 мың теңге; Қармақшы ауданына 6 198 115 мың теңге;

4 619 513 мың теңге; Қазалы ауданына 6 466 599 мың теңге; Қармақшы ауданына 6 657 552 мың теңге; Жалаған ауданына 4 503 115 мың теңге; Сырлария ауданына 2 410 830 мың теңге; Шнелі ауданына 4 657 019 мың теңге; Жаңақорған ауданына 5 457 691 мың теңге; Қызылорда қаласы 10 081 526 мың теңге сомасында белгіленсін. 4. Жергілікті бюджеттердің шығыстарында осы шешімнің 1,2, 3-қосымшаларында көрсетілген бағыттар бойынша бюджет қаражатының ең төмен көлемі ескерілсін. 5. Осы шешім 2023 жылдың 1 қантарынан бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылдың 1 қантарына дейін қолданылады.

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі №154 13 желтоқсан 2022 жыл

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «13» желтоқсан №154 шешіміне 1-қосымша

Table with 5 columns: №, Атауы, 2023 жыл, 2024 жыл, 2025 жыл. Lists budget items like 'Арал ауданы', 'Қазалы ауданы', 'Қармақшы ауданы', etc.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «13» желтоқсан №154 шешіміне 2-қосымша

Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмекті төлеуге бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

Table with 5 columns: №, Атауы, 2023 жыл, 2024 жыл, 2025 жыл. Lists budget items like 'Арал ауданы', 'Қазалы ауданы', 'Қармақшы ауданы', etc.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «13» желтоқсан №154 шешіміне 3-қосымша

«Халық қатысатын бюджет» жобасын іске асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

Table with 5 columns: №, Атауы, 2023 жыл, 2024 жыл, 2025 жыл. Lists budget items like 'Қызылорда қаласы', 'Барлығы', etc.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің назарына! Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) тізліміне енгізу үшін өтінімдер қабылдауды жариялайды. Өтінімдерді қабылдау басқарманың интернет-ресурсында жарияланған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 қазандағы №773 қаулысымен бекітілген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізлімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі - қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады. Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға тізімге енгізу үшін арнаулы комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады: 1. Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізімге енгізу туралы өтініш; 2. Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға тізімге енгізу үшін өтініш жасайтын санатқа қарай Қағидалардың 6-9-тармақтарында көрсетілген құжаттар; 3. Өтініш берушінің уәкілетті адамның өтінішке қол қою құқығын куәландыратын сенімхатты (өтініш берушінің сенімхат негізінде әрекет ететін өкілі құжаттарды берген жағдайда); 4. Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізліміне енгізу үшін құжаттар 2023 жылғы 01 мен 10 қантар аралығында жұмыс күндері Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1 мекен-жайы бойынша қабылданады. Электрондық пошта мекен-жайы: dkb2022@mail.ru. Анықтама телефоны: 8 (7242) 60-54-08.

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАҢУ ЕРЕЖЕЛЕРІ. Газ тұтыну жабықтарын пайдалану кезінде газдан ақырату автоматтандырылған табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар. ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАУСЫМҢА 69 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ, 34 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ. ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР! Жаралы немесе өртен себеп болған газ қабықтарын пайдалануды қауіпсіз ережелерін сақтамау іс барысындағы ақ бойынша қауіпкерліктерге тартуға негіз болады! ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИСІ СЕЛІСЕ: 1. Желден тұрба барқырақ қырандарын жабу керек. 2. Болменді желдету керек. 3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады. 4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

Хабарлама. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалында «Қазақстан Республикасы сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің» Қызылорда облысы бойынша департаментінің» РММ өкілімен сыйбалас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және болдырмау бойынша жынн откізді. Кезеуседе сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтаруды енгізу, сыйбалас жемқорлық күккім бұзушылық үшін жауапкершілік және «Сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарланған немесе сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидалары» мәселелері қаралды. Сыйбалас жемқорлыққа қарсы департаментің өкілі - Мұрат Ысқақов өңірдің сыйбалас жемқорлық тәуекелдерінің Қартасы, ҚР-ның 2022-2026 жылдарға арналған сыйбалас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы туралы айтып, Агенттіктің 1424 қолл-орталғы бар екендігін ескертті, оның негізгі міндеті сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша азаматтарға тегін консультациялық қолдау көрсету және сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы телефон қонырауларын қабылдау туралы табылады.

ЖӘРМҰҢКЕ

Елде болса, ерінге тиеді

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Сыр диқандары мен тауарөндірушілері облыс орталығында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жергілікті жұртшылық тарапынан аудандардан 200 жүк көлігімен жеткізілген 500 тоннаға жуық өнімдерге зор сұраныс болды.

Тасбөгет кентінде Шиелі ауданының еңбеккерлері 24 жүк көлігімен 40 тонна өнім алып келді. Ал Арал мен Жалағаш тауарөндірушілері қаланың шеткі аймағындағы С.Торайғыров көшесінде бойында өздері жинаған өнімдерді ұсынды. Теніз төскейіндегі өнімдердің еңбек адамдары Қызылорда қаласына 20 тоннадан астам азық-түлік жеткізді. Молшылық мерекесінде олар облыс орталығы тұрғындарына 15 тонна мұздатылған балық және 1,5 тонна ет өнімдері, 3 тонна ас тұзы, құрт, ірімшік, 300 литр шұбат сатты. Қалаға жақын орналасқан Жалағаш диқандары 150 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдерін ұсынды. Оның ішінде күріш, ет өнімдері, картоп, пияз басым бөлігін құрайды.

Сондай-ақ, «Шұғыла» шағын ауданының тұрғындары Қазалы мен Сырдария аудандарынан әкелінген ауыл шаруашылығы өнімдерінен ауыз тиді. Қазалыдан 50 тонна-



дан астам өнім тұтынушыларға жол тартса, онда сүт өнімдері мен Қазалы кәмпініне сұраныс ерекше артты. Ал сырдариялық диқандар 30 тоннаға жуық азық-

түлік тауарларын жеткізген. Оның ішінде 15 тоннадан астам күріш, 6 тонна картоп, 7 тонна сәбіз, пияз, асқабақ және сүт өнімдері бар.

– Кейінгі уақытта Қызылорда қаласында ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесі жиі ұйымдастырылады. Бұл өнім өндірушілерге де, тұтынушыларға да тиімді. Жәрмеңкені аралау барысында өзімізге қажетті өнімдерді алуға назар аудардық. Осылайша қысқа қажетті азық-түлік өнімдерінің қорын жасап алдық, – дейді қала тұрғыны Қайрат Файзоллаұлы.

Қаланың орталық бөлігінде орналасқан Астана даңғылының бойында жаңақорғандық еңбекшілер өздері өндірген ауыл шаруашылығы дақылдарын алып келді. Оның жалпы көлемі 120 тоннаны құрайды.

Аудан еңбеккерлері қала тұрғындарына негізін күріш, көкөніс-бақша дақылдарын жеткізген. Аталған өнімдер базар бағасынан біршама арзанға сатылды. Мәселен, тұтынушыларға картоп 150, сәбіз 140, пияз 150, қырыққабат 80, қызанақ 680, асқабақ 220, алма 300 тенгеден ұсынылды. Әсіресе тұрғындар қаймақ, құрт, ірімшік, сөк, талқан, бал, балық, ет өнімдеріне сұраныс танытты.

«Ақмешіт» шағын ауданындағы Журба көшесінде Қармақшы ауданының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі де ұйымдастырылды. Онда 55 тонна азық-түлік өнімдері сатылды.

«СБ» ақпарат

ЖАҢА НЫСАН

Жаңа жыл қарсаңында Қызылордада «Абай-Дәулет» серіктестігінің RiceShop KZ дүкені ашылды. Мұнда күріштің жергілікті сорттары, әлемдік күріш өндіруші компаниялардың өнімдері сатылады.

RiceShop – күріш әлемі



Күріш – Сыр өңірінің басты бренді болғанымен, бұған дейін оны сататын арнайы дүкен жоқ еді. Енді күріш егіп, оны ақтаумен айналысатын барлық шаруашылыққа өз өнімдерін халыққа ұсынуына мүмкіндік туды.

Салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған қала әкімі Асылбек Шәменов:

– Дала академия атанған Ыбырай Жақаев еңбектің туын тіккен Сыр еліндегі ақжолтай жаналық, белгілі

кәсіпкер Мұрат Абайұлының өз қаражаты есебінен жүзеге асқан өміршең жоба – RiceShop Kz дүкені қызылордалықтардың жиі келетін орнына айналатынына сенемін, – деді.

Бұл дүкенде тұтынушы тауарды қажетінше өзі өлшеп, электронды таразыдан бағасын біледі.

Шараға өзге өңірлерден келген кәсіпкерлер де қатысып, жылы лебіздерін білдірді.

М.МЕРЕҒИ

Ақ шынардың саясы

М.Ықанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, ғалым Мұхтар Әуезовтің 125 және драматург, сыншы, Ғабит Мүсіреповтің 120 жылдығына орай «Ана алақанының аясы – ақ шынардың саясы» атты облыстық сайыс өтті. Мақсаты – жастардың дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»



Ережеге сай қатысушылар 2 кезең бойынша бақ сынады. 1-кезеңде әр топ өзін таныстырса, 2-кезеңде Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы аналар бейнесін көрсету арқылы көрініс ұйымдастырды.

Қатысушыларға С.Майқанова атындағы мәдениет үйі «Бастаңғы» аналар клубының жетекшісі Шамшырақ Көрпешова, облыстық тарихи-өлкетану музейінің мәдени ұйымдастыру маманы Мөлдір Аманбекова және Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері Изабелла Ақтай төрелік етті.

Сайыста Қызылорда медициналық, «Орда» жоғары колледждері және М.Ықанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі Ғ.Мүсіреповтің «Өлімді жеңген ана» шығармасын сахналады. Шығармада баласын жанталаса іздеген ананың жолында кездескен қиындыққа қарсы тұрып, мақсатына жететіні баяндалады. Шығарма атауы да осыған байланысты. Сайыс қатысушылары

актерілік шеберлік көрсетіп, көрермендерді таңғалдырды.

Келесі кезекте Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжі «Ашынған ана», Қызылорда «Болашақ» университетінің, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледждері Ғ.Мүсіреповтің «Анань анасы» атты шығармасын сомдап, көпшілік назарына ұсынды. Ал «Авиценна» медициналық колледжінің студенттері М.Әуезовтің «Қаракөз» трагедиясын сахналап, көрермен жанын тебірентті. Сайыскерлердің өнерін тамашалағандар жылы лебіздерін білдірді.

Сонында қазылар алқасы сайыс нәтижесін жариялап, жеңімпаздарды марапаттады. Бірінші орын «Болашақ» университетінің жоғары колледжіне бұйырды. Екінші орынды «Орда» жоғары колледжі иеленсе, үшінші орынды И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі алды. Барлық қатысушылар Алғыс хатпен, 3 студент арнайы номинациямен марапатталды.

ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің басшылығы мен ұжымы 2017 жылдан бастап ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жас жеткіншектерді әлеуметтік бейімдеу орталығының тәрбиеленушілеріне қамқорлық көрсетіп келеді.

Қамқорлық құшағында



Қандай мерекеле болсын балалар ортасынан табылады. Бес жылдың ішінде, әсіресе пандемия кезінде азық-түлікке және басқа қажеттіліктерге қаржы бөліп, үнемі қамтамасыз етіп тұрады. Бытыр жазда «Жастар үйінде» тұратын түлектің пәтерінде өрт болғанда оны қалпына келтіру үшін қаражат бөліп, толығымен

жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Сонымен бірге тәрбиеленушілерді салауатты өмір салтына бейімдеу үшін біріккен спорт ойындары өтіп тұрады. Балаларға бағалы сыйлықтар табыс етілді. Мини-футболдан «Жастар» командасының формасы мен спорт құралдарын алуға демеушілік жасалды.

Орталық тәрбиеленушілері Жаңа жыл қарсаңында ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің басшылығы мен ұжымына алғыс білдірді. Жасалған қамқорлық үшін барлығы дән риза.

«СБ» ақпарат

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Дала күйін Жүрегіне сіңірген

Көзіқаракты оқырманға журналист Бейбітбек Бүркітбайұлының есімі жақсы таныс. Еңбек жолын «Жаңадария» газетінен бастап, әр жылдары республикалық «Құқықтық Қазақстан», «Зан газеті», «Дала мен қала» басылымдарының аймақтағы меншікті тілшісі болды. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

Зейнет жасында да шығармашылықтан қол үзбеген ардагер журналистің «Занжолды зар» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Жинақта автор туған елі мен жерінің әсем табиғатын, ондағы адамдардың тыныс-тіршілігін жырмен жеткізген.

Жинақтың алғысөзін жазған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Толыбай Абылаев «Қазіргі заманда туған бұл жыр көкірегіңде сәулесі бар жандарға жақын. Ал ақша мен байлықтан басқаны көрмейтін көрсөкыр пенделерге айтылған

мұны жебе дер едім» деп пікір білдірген.

Кітапта аты айтып тұрғандай, пенденің мұң-зары, сағынышы, сезімі жырға арқау болған. Жүрек түкпіріндегі сезім сыры өріліп, өрнектеліп өлеңге айналған. Тіл мен ділді әспеттейді. Оқырманна ұлжандылықты насихаттайды. Сондай-ақ елге қызмет етіп

күрметке бөленген зиялы қауым өкілдеріне арналған балладалар да енгізілген.

Ақынның өлеңдер жинағы қалың оқырманға жол тартты.

«СБ» ақпарат

Қызыл жалын қаупі төнгенде...

Жуырда төтенше жағдай болып, соңы қайғылы жағдайға ұласа жаздады. Түскі сағат 12 шамасында Қызылорда қаласының «Мерей» шағын ауданындағы №23 көпқабатты тұрғын үйдің 3-қабатынан түтін шығып жатқаны туралы 112 құтқару қызметіне хабарлама түскен.

Оқиға орнына №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің 2 техникасы мен автосатысы, 8 қызметкері жұмылдырылды. Құтқарушылар әуелі полиция қызметкерлерінің рұқсатымен тұрғын үйдегі №38 пәтердің есігін бұзып, барлау іс-әрекет нәтижесінде өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Данияр Ибраев бастаған қызметкерлер қызыл жалынға оранған екі бөлмелі пәтердің ішінде тұрмыстық заттар жанып жатқанын анықтады. Соны-



мен қатар, көмірқышқыл газына уланып, ес-түссіз жатқан 61 жастағы ер азаматты құтқарды. Дереве қауіпсіз жерге шығарылған азаматқа алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, жедел жәрдемге

тапсырылды. Сондай-ақ, өртті оқшаулау кезінде үйдің 4-қабатынан 2 жасөспірім мен 3 ересек адам эвакуацияланды.

Мамандардың жедел әрі біріккен іс-қимылының нәтижесінде көпқабатты тұрғын үйдің өзге пәтерлеріне өрттің таралуына жол берілген жоқ. Қазір шығу себебі мен шығыны анықталуда.

Айта кетейік, тілсіз жау салғырттықты көтермейді. Бұл – дерекке алған бір оқиға. Жалпы тұрғындар қауіпсіздікті мейлінше ұмытпауы тиіс. Өйткені, өрттің зардабы үлкен. Осыны тағы бір жеткізіміз келеді.

Әсет ЕСЕНОВ,
№1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары, азаматтық қорғау майоры